

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым
министрінің
« 12» қазан 2016 жылғы
№ 608 бұйрығымен бекітілген

Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің отырыстарын шақыру және өткізу тәртібі

1. Жалпы ереже

1. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің отырыстарын шақыру және өткізудің осы тәртібі (бұдан әрі - Тәртіп) «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес (әрі қарай - Заң) әзірленген және шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің (бұдан әрі - Байқау кеңесі) отырыстарын шақыру және өткізу рәсімін белгілейді.

2. Байқау кеңесінің отырыстарын шақыру

2. Мемлекеттік кәсіпорынның Байқау кеңесінің отырысы қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде тоқсанына бір рет.

3. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның (бұдан әрі - мемлекеттік кәсіпорын) байқау кеңесінің отырыстарын Байқау кеңесі Төрағасының бастамасы бойынша немесе Байқау кеңесінің кез келген мүшесінің талап етуімен, бірақ тоқсанында кемінде бір рет шақырылады.

4. Байқау кеңесінің отырыстарын шақыру туралы талап Байқау кеңесінің Төрағасына тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылып, онда отырыстарын ұсынылатын күн тәртібінен бөлек, келесі ақпараттар қамтылады:

1) отырысқа шақыруға бастама көтерушіні көрсету (Байқау кеңесінің талап қоюшы мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты);

2) отырыстын өткізу күні;

3) қойылған талапқа жауап жіберілетін мекенжай.

Бұдан басқа, Байқау кеңесінің отырыстарын шақыру туралы талапта келесі ақпарат болуы мүмкін:

4) күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешімдердің жобалары;

5) отырысқа шақыруға бастама көтерушінің қалауы бойынша өзге де ақпараттар.

5. Байқау кеңесінің отырыстарын шақыру туралы талапқа отырысқа шақыруға бастама көтеруші қол қоюы тиіс.

6. Байқау кеңесінің отырысқа шақыру туралы талап түскеннен кейін

10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей Байқау кеңесі Төрағасы отырысқа шақыруы тиіс.

7. Байқау кеңесінің отырысқа шақыру туралы талап қанағаттандырылған жағдайда Байқау кеңесінің Төрағасы отырысты өткізу күнін, уақытын, орнын өзгертуге және отырыстын күн тәртібін толықтыруға құқылы.

8. Байқау кеңесінің отырысқа шақыру туралы хабарламаға Байқау кеңесінің Төрағасы қолын қойып, қажетті материалдарымен бірге, отырысты өткізу күнінен 7 (жеті) жұмыс күні бұрын Байқау кеңесінің мүшелеріне жібереді.

Хабарламада отырыстарын өткізу күні, уақыты мен орны көрсетілуі тиіс.

Хабарламаға баяндамашыны көрсете отырып, отырыстарын күн тәртібі; мемлекеттік кәсіпорын органдарының шешімі; күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешімдердің жобалары; күн тәртібіне көрсетілген мәселелерді енгізу себептерін қарастыратын анықтамалық материалдар; Байқау кеңесінің мүшелеріне отырыстарын үшін берілетін қажетті құжаттар міндетті түрде қоса беріледі.

9. Мемлекеттік кәсіпорынның қызметіне ықпал ететін қандай да бір сұрақтарды шұғыл шешу қажеттігі туындаған жағдайда хабарламаны қажетті материалдарымен бірге жіберу мерзімі Байқау кеңесі Төрағасының шешімімен 3 (үш) жұмыс күніне дейін қысқаруы мүмкін.

10. Отырысты өткізу туралы хабарлама, сондай-ақ оған қоса берілетін қажетті құжаттар Байқау кеңесінің мүшелеріне жазбаша түрде немесе Байқау кеңесі мүшелерінің келісімімен оларға ыңғайлы басқа тәсілмен (оның ішінде пошта, факс, электронды немесе басқа байланыс арқылы) жіберіледі.

Байқау кеңесінің мүшелеріне жіберілетін отырысты өткізу туралы хабарламаға, сондай-ақ оған қоса берілетін қажетті құжаттарға міндетті түрде Байқау кеңесінің хатшысы қол қоюы тиіс.

11. Хабарламаны алған Байқау кеңесінің мүшесі Байқау кеңесінің мәжілісі өтетін күннен кемінде 1 (бір) жұмыс күні бұрын өзінің Байқау кеңесінің алдағы болатын отырыстарына қатысатыны не қатыспайтыны туралы хабарлауға міндетті.

12. Отырыста өтетін жері немесе күні туралы Байқау кеңесінің мүшелері хабарлама алып, ал Байқау кеңесінің отырысты өткізу мүмкін емес немесе қиындық туғызатын жағдаяттар туындаған кезде, жоспарланған күн тәртібі бойынша мәжіліс басқа жерде немесе басқа уақытта өткізіле алады.

13. Байқау кеңесі отырыстарын орны немесе уақыты өзгергені туралы Байқау кеңесінің барлық мүшелері отырыстарына келуге

уақыттары жеткілікті болатындай етіп, алдын ала хабарлануы тиіс. Көрсетілген өзгерістер туралы хабарлама Байқау кеңесінің мүшелеріне хабарламаны алуына кепілдік беретін кез келген түрде, оның ішінде Байқау кеңесінің мүшелеріне хат-хабарларды алу мекенжайы бойынша жіберіледі.

3. Мемлекеттік кәсіпорынның Байқау кеңесінің отырыстарын өткізу тәртібі

14. Мемлекеттік кәсіпорынның Байқау кеңесінің отырыстарын қажетіне қарай, бірақ кемінде тоқсанына бір рет өткізіледі.

15. Мемлекеттік кәсіпорынның Байқау кеңесінің отырыстарын оның төрағасының өз бастамасымен, тиісті саланың уәкілетті органының, Байқау кеңесі мүшесінің немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысының талабы бойынша шақырыла алады.

16. Мемлекеттік кәсіпорынның Байқау кеңесінің отырыстарын, егер мемлекеттік кәсіпорынның Байқау кеңесінің барлық мүшелері оны өткізу уақыты мен орны туралы хабарланып, отырыстарына мемлекеттік кәсіпорынның Байқау кеңесі мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, заңды болып табылады. Мемлекеттік кәсіпорынның Байқау кеңесінің мүшесі өзінің даусын Байқау кеңесінің басқа мүшесіне немесе басқа жеке тұлғаға (сенімхат арқылы) беруіне рұқсат етілмейді.

Мемлекеттік кәсіпорынның Байқау кеңесінің отырыстарын Білім және ғылым саласындағы уәкілетті орган ретінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің өкілі қатыспаған жағдайда, заңсыз болып табылады.

17. Мемлекеттік кәсіпорынның Байқау кеңесінің әрбір мүшесі дауыс беру кезінде бір дауысқа ие. 'Дауыстар тең болған жағдайда мемлекеттік кәсіпорынның Байқау кеңесі төрағасының дауысы шешуші дауыс болып табылады.

18. Байқау кеңесінің шешімі жазбаша түрде ресімделеді және Байқау кеңесінің барлық мүшелері қол қояды.

19. Шешім қабылдаған кезде Байқау кеңесінің отырыстарына қатысушы мүшелері күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс бару арқылы өз пікірлерін білдіруге міндетті.

20. Шешім қабылдаған кезде Байқау кеңесі мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда Байқау кеңесінің төрағасы шешуші дауысқа ие болады.

21. Байқау кеңесінің отырыстарына хатшы хаттама жүргізеді.

22. Байқау кеңесі отырыстарына хаттамасы оны өткізгеннен кейін 3 (үш) күннен кешіктірмей жасалады.

23. Отырыстын хаттамасында көрсетіледі:

1) отырыстын өткен күні, уақыты мен жері;
2) отырыстын қатысушы тұлғалар туралы мәліметтер;
3) отырыстын кворумы бар екені туралы ақпарат;
4) отырыстын күн тәртібі;
5) дауыс беруге қойылған мәселелер және оларға дауыс беру қорытындылары;

6) қабылданған шешімдер;

7) Байқау кеңесінің шешімі бойынша басқа да мәліметтер.

24. Байқау кеңесі отырыстын хаттамасына Байқау кеңесінің Төрағасы қол қояды. Хатшы хаттаманың дұрыс жасалуына жауап береді. Хаттамаға отырыстарына қатыспаған Байқау кеңесі мүшелерінің жазбаша пікірлері тігіліп қойылады.

25. Белгіленген тәртіпте Байқау кеңесі отырыстын күн тәртібінде бекітілген мәселелер бойынша Байқау кеңесінің шешімі отырыстарына қатысушы Байқау кеңесі мүшелерінің дауыс беруімен, осы отырыстың қатыспаған Байқау кеңесі мүшелерінің жазбаша пікірлерін ескере отырып қабылданады.

26. Байқау кеңесінің шешімдері отырыстың қатысып отырған Байқау кеңесі мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады (оның ішінде Қадағалау кеңесінің қатыспаған мүшелерінің жазбаша пікірін ескере отырып).

27. Егер Байқау кеңесінің мүшесі отырыстарына жеке өзі қатыса алмаса, онда ол күн тәртібінің мәселелері бойынша өз пікірін жазбаша білдіруге құқылы.

28. Байқау кеңесінің мүшесі жазбаша пікірді Байқау кеңесінің отырыстарына өткенге дейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей беруі тиіс.

29. Байқау кеңесінің Төрағасы отырыстарына қатыспаған Байқау адағалау кеңесі мүшелерінің жазбаша берілген пікірлерін осы пікірлер берілген күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру басталғанға дейін жария етуге міндетті.

30. Байқау кеңесінің отырыстарын шешімдер тек осы отырыстын күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша ғана қабылданады.

Күн тәртібіне мәселе енгізуге бастама жасаушы шешім шығарылғанға дейін кез келген уақытта өз мәселесін күн тәртібінен алып тастай алады, бұл міндетті түрде хаттамада тіркеуге алынады.

31. Дауыс беруге шығарылатын тұжырымдалған күн тәртібі және шешім жобалары, сондай-ақ осы мәселелер бойынша материалдар отырыстарын өткенге дейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей хатшының ресімдеуіне беріледі.

32. Байқау кеңесі мүшелерінің жалпы құрамынан 2/3 (үштен екісі)

қатысып отырған Байқау кеңесінің кез келген мәжілісінің барысында, егер күн тәртібіне енгізуге Байқау, кеңесінің көпшілік мүшелері жақтап дауыс берсе, күн тәртібіне бірден қосымша мәселелер енгізіліп, сол жерде қаралуы мүмкін.

4. Байқау кеңесі отырыстарын регламенті

33. Байқау кеңесінің отырыстарын хабарламада көрсетілген уақытта, кворум болған жағдайда басталып, оны Байқау кеңесі Төрағасы ашады.

Байқау кеңесінің отырысты өткізуге арналған кворум Байқау кеңесі мүшелері санының кемінде жартысын құрайды.

34. Кворумды Байқау кеңесінің Төрағасы мәжіліс басталар алдында айқындайды.

Кворум болмаған кезде Байқау кеңесінің Төрағасы отырысқа кеш мерзімге ауыстыру туралы жария етеді.

35. Байқау кеңесінің Төрағасы Байқау кеңесінің мәжілісін өткізу үшін кворум бар екені туралы қатысушыларға хабарлап, Байқау кеңесі мәжілісінің күн тәртібін жариялайды.

36. Байқау кеңесінің отырысқа келесі сатыларды қамтиды:

1) күн тәртібіндегі мәселе бойынша Байқау кеңесі мүшесінің сөйлейтін сөзі немесе шақырылған тұлғаның баяндамасы;

2) күн тәртібіндегі мәселе бойынша Байқау кеңесі мүшелерінің құрамынан оппоненттің мәселе бойынша ұсынатын шешім жобасын беру арқылы сөйлейтін сөзі;

3) күн тәртібіндегі мәселені талқылау;

4) күн тәртібіндегі мәселе бойынша шешімдерді тұжырымдау жөніндегі ұсыныстар;

5) күн тәртібіндегі мәселе бойынша дауыс беру нұсқалары;

6) дауыстарды есептеу және дауыс беру қорытындысын жасау;

7) дауыс беру қорытындысын және күн тәртібіндегі мәселе бойынша қабылданған шешімдерді жариялау (қажет болған жағдайда орындау мерзімі көрсетіледі).

37. Байқау кеңесінің отырыстарын оны өткізу туралы талап қойған тұлғаны міндетті түрде шақыру арқылы өткізіледі.

38. Байқау кеңесі жабық отырысты өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы, оған тек Байқау кеңесінің мүшелері ғана қатыса алады.